


Бекітемін
№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы
меңгерушісі  Т.Ж.Жармагамбетова

**№2 «Айгөлек» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
2024-2025 оқу жылына арналған
әдістемелік кеңес жоспары**

№	Қаралатын мәселелер	Уақыты	Жауаптылар
1	«2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту»	Қыркүйек 2024ж	әдіскер
	Мониторинг бойынша түсіндірме жұмыстары		әдіскер
	Ағымдағы мәселелер		әдіскер
2	1.Вариативтік жоспарлау 2.Тамақ ішу кезіндегі мәдени-гигиеналық ережелерді тәрбиелеу	Қазан 2024	Әдіскер тәрбиешілер
	Ағымдағы мәселелер		әдіскер
	№1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.	Ақпан 2025	
3	Балабақшадағы балалардың тілін дамытудың сөздік қорын байыта отырып өзара сөйлесудегі көркем әдеби тілін дамыту іс-әрекеті: - Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы – Ш.Кубенова -Тіл дамытудағы балалардың қабілеті-Б.Тулегенова –Мектепке дейінгі балалардың бір-біріне деген қарым-қатынасы		әдіскер тәрбиешілер
	Ағымдағы мәселелер		
	№3әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.	Мамыр 2025	әдіскер
4	Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау		әдіскер
	Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынылатын педагог кандидатурасын қарау.		
	Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер		әдіскер

№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
әдістемелік кеңесі отырысының
№1 хаттамасы

Өткізілген күні: 8.09.2024жыл

Күн тәртібінде:

1. «2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту»
2. Мониторинг бойынша түсіндірме жұмыстары
3. Ағымдағы мәселелер

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.панина мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарымен таныстырды. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің үлгілік оқу бағдарламасы бекітіліп шықпағандықтан 2024-2025 оқу жылына арналған нұсқаулық хатпен таныстырып, жаңа оқу жылындағы өзгерістер талқыланды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берілді. Аудандық жылдық жоспарындағы іс-шараларды да осы жылдық жоспарда көрсетіп, балабақша басшысына бекітуге жіберілді.

Екінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық негізінде балалардың деңгейін анықтау мақсатындағы мониторингтің біршама өзгергенін атап өтті. Өзгерістерге сәйкес әр топтардың критерий санын айтты. EXCELL бағдарламасында тиімді жұмыс жасау үшін кеңестер мен түсіндірмелер жүргізілді. Барлық педагогтар EXCELL бағдарламасындағы қиындық тудырып тұрған сұрақтарына жауаптарын алды. Үшінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі мен әдіскеріне тәрбиеші тарапынан әр-түрлі оқу ісі мен тәрбиеге қатысты сұрақтар қойып, жауап алды.

Әдістемелік кеңес шешімі:

1. 2024-2025 оқу жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру үшін үнемі білім беру процесіне ата-аналарды қатыстырып отырсын. Мерзімі: үнемі.
2. Қыркүйек айының 10-на дейін бастапқы мониторинг нәтижелері толтырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы :



А.З.Панина

Хатшы:



Б.К.Тулегенова

№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК

әдістемелік кеңесі отырысының

№2 хаттамасы

Өткізілген күні: 10.10.2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Вариативтік жоспарлау

2. Тамақ ішу кезіндегі мәдени-гигиеналық ережелерді тәрбиелеу


Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Панина ұйымдастырылған оқу әрекетінде бекітілген кестесіне және вариативтік компоненттердің орындалуы бойынша бақылау нәтижесінде тоқталып өтті. Вариативтік компонент бойынша сағат сандары оқу жүктемесіне сәйкес беріліп отыр. Осы бөлінген вариативтік сағаттар бойынша жоспарға сәйкес жұмыстар жоспарланған.

Екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Д.Джаймагамбетова тамақ ішу кезіндегі мәдени-гигиеналық ережелерге тоқтала келе топтарда кейбір талаптардың орындалмай отырғандығын айтты. Балалардың тамақтану кезінде біркелкі отыруы, тамақты төкпей-шашпай жеулері, тамақтанар алдында қолдарын жууы және тәрбиеші көмекшілерінің халат пен қалпақтарының болуы, ыдыс аяқтарды талапқа сай жуып сақтаулары жнінде тоқталып өтті.

Әдістемелік кеңес шешімі:


1. Вариативтік сабақтар кесте бойынша жүргізілсін, орындалған жұмыстар тігілсін.
2. Тамақ ішу кезіндегі мәдени-гигиеналық ережелер бойынша үнемі түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы :



А.З.Панина

Хатшы:



Б.К.Тулегенова

№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК

әдістемелік кеңесі отырысының

№ 3 хаттамасы

Өткізілген күні: 22.02.2025жыл

Күн тәртібінде:

1. Балабақшадағы балалардың тілін дамытудың сөздік қорын байыта отырып өзара сөйлесудегі көркем әдеби тілін дамыту іс-әрекеті:

- Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы – Ш.Кубенова

-Тіл дамытудағы балалардың қабілеті-Б.Тулегенова

-Мектепке дейінгі балалардың бір-біріне деген қарым-қатынасы

2. Ағымды мәселелер

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Панина «Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы» тақырыбында толық мағлұмат бере отырып, тәрбиешілермен тренинг өткізді. Тәрбиеші Ш.Кубенова мектепке дейінгі балалардың тіл дамуындағы өзекті мәселелерге тоқтала келіп, жалпы өз ұйымдастырылған іс-әрекетінде тіл дамыту бойынша көптеген әдіс-тәсілдерді қолданатындығына келіп, балалармен әртүрлі бағытта түрлі тәсілдерді пайдалана отырып көбірек жұмыс жүргізіп жатқандығын крсетті. Мектепке дейінгі балалардың бір-біріне деген қарым-қатынасын қалыптастыруда орта үлкен әсер ететіндігіне тоқталды.

Тәрбиеші Б.Тулегенова тіл дамытудағы балалардың қабілетіжаксы, олармен көп жұмыстар, ғнии суреттер және кестелер бойынша, ертегілердіайтып беру, кейіпкерлердің ролдерін орындау жұмыстарын жүргізудемін, сйлеулері өте қиын, алайда топтағы кейбір балалардың басқа балалардан қалып кетпес үшін қосымша жұмыстар өтудемін деп айтып өтті.

Тәрбиешілер өздері күнделікті сабаққа түрлі тәсілдерді алдын ала әзірлеп, дайын болуы қажет. Балалардың тілін дамытуда сурет бойынша әңгіме құрастыру, ертегілер бойынша түсініктерін айтабілудің өзі көп нәтежеге жеткізетіні анық.

Әдістемелік кеңес шешімі:


1.Балалардың тілін дамытудың сөздік қорын байыта отырып өзара сөйлесудегі көркем әдеби тілін даыту іс-әрекетінің өз дәрежесінде жүргізілуі жолға қойылсын.

2.Әрбір тәрбиеші топтары бойынша әрбір сабақта қолданатын әдіс-тәсілдері бойынша бір- бір ұйымдастырылған іс-әрекетін көрсетуге белгіленсін.

3. Жалпы балабақша бойынша ішкі тәртіп ережесін сақтау, балалардың толық келуін қамтамасыз ету, күн тәртіп ережесін сақтау қатаң түрде қадағалансын.

Әдістемелік кеңес төрайымы :  – А.З.Панина

Хатшы:



Б.К.Тулегенова

№2 «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы МКҚК

әдістемелік кеңесі отырысының

№4 хаттамасы

Өткізілген күні: 23.05.2025жыл

Күн тәртібінде:

1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы туралы қорытынды талдау
3. Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде мадақтауға ұсынылатын педагог кандидатурасын қарау.
4. Келесі оқу жылындағы мақсат-міндеттер

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша әдіскер А.З.Панина өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылындағы жылдық жоспар толығымен орындалды. Әдістемелік кеңестер жоспарға сай өткілді.

Жұмыс барысында тәрбиешілерге әдістемелік кеңестер берілді. Атап айтқанда, «Мектеп жасына дейінгі балалардың қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру және ерекшеліктері», «Мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие үдерісіндегі денсаулық сақтау технологияларының ерекшеліктері», «Біртұтас тәрбие», «Ұлттық ойынның маңызы», «Балалардың бойындағы шығармашылық қасиеттерін дамыту жолдары», «Тіл дамытудың әдіс-тәсілдері», «Балабақшада қолданылатын технологиялар» т.б. тақырыптарында

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер А.Панина оқу жылының жұмыс қорытындысы нәтижесінде мадақтауға бір тәрбиешіні Топеева Жазира Султановнаны ұсынды.

Әдістемелік кеңес шешімі:

1. №3 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттарналық деп есептелсін.
2. Жылдық оқу жоспары міндеттерінің орындалуы қорытындысы қанағаттанарлық.
3. Қорытындысы нәтижесінде мадақтауға тәрбиеші Топеева Жазира Султановна ұсынылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы :



А.З.Панина

Хатшы:



Б.К.Тулегенова